АЭС – ТҰРАҚТЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗІ

5-БЕТ | ҚОҒАМ

БЕРЕШЕК КӨБЕЙІП БАРАДЫ

6-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ

ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫР

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

№116
(4704)
Сенбі
28 қыркүйек
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

КӘСІПКЕРЛІКТІҢ КӨШ БАСЫНДАҒЫ ЕЛОРДА

Астана – еліміздің саяси орталығы ғана емес, сан-салалы шаруашылық өркендеген, кәсіпкерлік саласы қарқынды дамыған қала. Қазіргі таңда бас қалада 237,5 мың шағын және орта бизнес субъектілері өнімді жұмыс істеп жатыр. Биылғы бірінші тоқсанда шағын және орта кәсіпкерлік 3 триллион 321.8 млрд теңгенің тауарын өндіріп, елорда бюджетінің артуына, өндірістің өркендеуіне тың серпін берді.

ТАБАНДЫ ЕҢБЕК ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еңбек адамының мәртебесін көтеруге айрықша маңыз берді.

«Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді» дейді Президент. Осы орайда жыл сайын қыркүйектің соңғы жексенбісінде аталып өтілетін Еңбек күні еңбек майталмандары мен өндіріс озаттарына құрмет көрсетіліп келеді.

(Соңы 3-бетте)

МЕКТЕП ҚАУІПСІЗДІГІ АРТАДЫ

2025 жылға дейін Астанадағы 109 мемлекеттік мектеп заманауи қауіпсіздік жүйесімен жабдықталады. Бұл туралы қоғамдық кеңестің отырысында Астана әкімінің орынбасары Евгений Глотов мәлімдеді.

Оның айтуынша, Астана қаласының білім басқармасы қауіпсіздік жүйесіне инвестиция салу үшін бірқатар ірі компаниялармен келіссөздер жүргізілуде. Жыл соңына дейін барлық заң рәсімдері аяқталып, барлық 109 мемлекеттік мектеп 2025 жыл ішінде бейнебақылау, қолжетімділікті бақылау, дабыл және өрт түймелері тұрғысынан қауіпсіздіктің ең жоғары деңгейіне жеткізіледі. Бейнебақылаулар Жедел басқару орталығына (ЖБО) қосылады.

ҚАЗАНДА НЕШЕ КҮН ДЕМАЛАМЫЗ?

Қазанда Қазақстанда жалғыз ұлттық мереке – Республика күні аталып өтеді. Осыған байланысты қазақстандықтар 3 күн қатарынан демалады.

eGov ақпараты бойынша, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға сәйкес, Республика күні – ұлттық мереке. Ұлттық мерекелер – Қазақстан Республикасында ерекше тарихи маңызы бар, қазақ мемлекеттілігінің дамуына айтарлықтай әсер еткен оқиғаларға орай белгіленген мерекелер. Ұлттық мерекелерді атап өту орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізумен қатар жүреді. Биыл Республика күні жұма күніне сәйкес келіп отыр, сондықтан қазақстандықтар 25, 26 және 27 қазан күндері қатарынан үш күн демалады. 28 қазан, дүйсенбі – жұмыс күні. Қазанда басқа мерекелік күндер жоқ, сондықтан қосымша демалыс күндері болмайды.

№116 (4704) 28/09/2024 Сенбі

ТҮРКІСТАННЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Түркістан облысына барды. Сапар барысында Президент аймақтағы білім беру, мәдениет және спорт нысандарын аралап көрді. Сондай-ақ бірқатар кәсіпорынға барып, өңірде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалармен танысты.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНЕ ЗИЯРАТ ЕТТІ

Президенттің Түркістан облысына жұмыс сапары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етуден басталды. Мемлекет басшысы ақын, ғұлама, бүкіл түркі дүниесіне ортақ рухани ұстаз Қожа Ахмет Ясауидің және кесене аумағында жерленген басқа да тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, құран бағыштады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген кесенеде жүргізіліп жатқан кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жөнінде баяндалды.

«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫНДА БОЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа оқу орнындағы білім беру процесінің ерекшелігі мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалары таныстырылды. Лицейде жаратылыстану-математика бағытына басымдық беріледі. Атап айтқанда, физика, химия, биология, математика және информатика пәндері бойынша сабақтар ағылшын тілінде өтеді. Ұстаздар оқушылардың академиялық жетістіктеріне ден қояды. Нәтижесінде олар республикалық, халықаралық пән олимпиадаларында және спорт сайыстарында үздік атанып жүр.

Жыл басында жаңа ғимарат пайдалануға беріліп, лицей-интернат Кентаудан Түркістан қаласына көшірілген. Қазір мұнда 500-ден астам оқушы білім алып жатыр. Президент оқу және үйірме кабинеттерін, спорт залын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті. Мемлекет басшысы еліміздің келешегі жас ұрпақтың қолында екенін айтып, олардың оқуда озат болуына тілектестік білдірді.

Бүгінде Түркістан облысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 14 мың оқушыға арналған 29 мектеп салынып жатыр. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық бойынша істі болған тұлғалардан тәркіленген қаржыға өңірде 20 білім беру нысаны бой көтереді. Оның 13-і биыл пайдалануға берілмек. Жыл соңына дейін облыстағы 4 апатты және үш ауысымды 5 мектептің мәселесі толығымен шешіледі.

МҰЗ САРАЙЫН АРАЛАП КӨРДІ

Заманауи үлгіде жабдықталған кешенде шорт-трек, мәнерлеп сырғанау және хоккей сияқты қысқы спорт түрлерімен жыл бойы айналысуға қажетті барлық жағдай жасалған. Нысанда Италия, Канада, Германия, Финляндия елдерінде шығарылған қондырғылар орнатылған. Арнайы технология алаңның пішінін өзгертуге мүмкіндік береді. Сол арқылы мұз айдынында бір мезгілде бірнеше спорт түрімен шұғылдануға болады. Қасым-Жомарт Тоқаев Мұз сарайын аралап көріп, балалардың өнерін тамашалады. Сондай-ақ бапкерлермен және спортшылармен кездесті.

Президент отандық спортшыларды әрдайым қолдайтынын, жетістіктерін бақылап отыратынын айтып, оларға сәттілік тіледі. Жергілікті «Turan Tigers» хоккей клубының спортшылары Мемлекет басшысына команданың жейдесін сыйға тартты.

Жалпы, Түркістанды әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сай облыс орталығында «Түркістан-арена» стадионы, көпбейінді «Олимпик» орталығы және Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешені, «Тұран» футбол академиясының ғимараты бой көтерген. Сонымен қатар 7 теннис корты салынып, жалпы ұзындығы 51 шақырым веложол төселген.

ОБЛЫС ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Түркістан қаласында жаңадан бой көтерген «Достық үйінің» жұмысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен салынған кешенде «Қоғамдық келісім» мекемесі, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Ардагерлер кеңесі, Аналар кеңесі, Медиация кеңесі, сондай-ақ аймақтағы 11 этномәдени бірлестіктің өкілдіктері орналасқан.

Мемлекет басшысы ғимаратты аралап көріп, жергілікті зиялы қауыммен және Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелерімен жүздесті. «Қастерлі Түркістан жеріне арнайы келіп отырмын. Түркістан өңірінің келешегі жарқын деп ойлаймын. Жастарымызға үлгі-өнеге көрсетіп жүрген ардагерлерге алғыс айтқым келеді. Ең алдымен, жастарға қолдау білдіруіміз керек. Біз бәріміз бірігіп, ел үшін еңбек етуіміз қажет. Сырттан келетін тәуекелдер аз емес. Ахуалды жақсы білесіздер. Түркістан облысында 50 ұлт өкілі тұрады. Ауызбіршілікті сақтау және елімізді дамыту жолындағы ерен еңбектеріңізге ризашылық білдіремін. Қазақстанда ешқашан ешқандай фобия болған емес, болмайды да. Біз – бірлігі мығым, толерантты, ұстамды әрі еңбекқор халықпыз. Ең бастысы – осы. Сондықтан ынтымағы жарасқан қоғамның іргесін әлі де бекіте түсеміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Түркістанның көрікті, таза қалаға айналғанына назар аударды. Бұл ретте Түркістанға облыс мәртебесін берген еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі зор екенін атап өтті.

Кездесуде Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Созақбай Әбдіқұлов Түркістанның облысқа айналған кезден бері орын алған оң өзгерістерге тоқталып, халық саны тығыз орналасқан өңірге мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлық үшін алғыс айтты.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан президенті Сердар Бердімұхамедовті Түрікменстанның Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент құттықтау жеделхатында Ашхабадтың мемлекеттілікті нығайтудағы жарқын жетістіктеріне тоқталып, шетелдік серіктестермен қарым-қатынаста сындарлы ұстанымға жүгінетін бейтарап Түрікменстанның халықаралық аренада зор беделге ие екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Түрікменстанмен арадағы ғасырлар бойы жалғасқан достық, тату көршілік қатынас және өзара қолдау дәстүрінен айнымай, екіжақты стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге бейілді екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедовтің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас түрікмен халқына бақ-береке тіледі.

НҰРЛАТ – ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ ҮЗДІГІ

Кеше Астанада баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы «Үркер-2024» ұлттық сыйлығы жеңімпаздарын марапаттау салтанатты өтті. «Жылдың үздік журналистік зерттеуі» аталымында «Astana Aqshamy» газетінің тілшісі Нұрлат Байгенже топ жарды.

Отыз жылдан астам тарихы бар, ақпарат айдынында өзіндік орны қалыптасқан «Astana Aqshamy» республикалық қоғамдық-саяси газеті – елорданың тыныс-тіршілігін, алған асулары мен жеткен жетістіктерін қалың бұқараға жүйелі жеткізуші ғана емес, ел руханиятындағы, халық тағдырындағы өзекті мәселелерге үн қосатын, мазмұны байыған, ойы кемелденген басылым.

Оқырманның ұдайы үдесінен шығуға ұмтылатын газеттің қол жеткізген табыстары да бір төбе. Атап айтсақ, 2002 жылы «Astana Aqshamy» газеті Қазақстан журналистика академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығының лауреаты атанды. Әсіресе, 2018 жыл «Astana Aqshamy» үшін табысты жыл болды. Газет Қазақстан Республикасының Президентінің Алғыс хатын алып, «Нұр Сұңқар» сыйлығын иеленді.

Әрине, астаналық басылым білікті, білімді, тәжірибелі журналист-қызметкерлерінің еңбегі арқасында осынау жоғары жетістіктерге жетті. Соның бірі – Нұрлат Байгенженің салмақты сараптамалары, журналистік зерттеулері, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтерген мақалалары оқырманның оң бағасын алып келе жатыр. Аудандық басылымда шыңдалып, өңірлік газеттің бас редакторы қызметіне дейін өскен әріптесіміз елордаға көшіп келіп, «Astana Aqshamy» газетіне орналасқаннан кейін шығармашылығы жаңа деңгейге шықты. Қазір өрлеу үстінде. Соның дәлелі – «Үркер-2024» ұлттық сыйлығы.

Әріптесімізді ұжым атынан жеңісімен құттықтай отырып, алда да көп шығармашылық табыстарды тілейміз!

«ЕҢБЕК КҮНІНДЕГІ» ЕРЕКШЕ СЫЙ

Елорданың «Жастар» сарайында еңбек ардагерлері мен озаттарына құрмет көрсетуге арналған мерекелік іс-шара өтті.

Салтанатты жиынға Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов қатысып, тәжірибелі еңбек майталмандары мен өндіріс озаттарын кәсіби мерекесімен құттықтады.

– Еңбек күні – еліміздің тұрақты дамуына үлес қосып келе жатқан нағыз еңбекқор жандарды ұлықтайтын мереке. Әр салада кәсіби біліктілік танытып, адалдықтың шынайы көрінісін көрсетіп жүрген жандар бар. Еліміздің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп, қоғамның дамуына күш салып жүрген барша азаматтарға алғысымды білдіремін. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялаған болатын. Осы бастама жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын арттырып, елімізде еңбек адамының беделін көтеруге үлкен серпін беретініне сенімдімін. Қоғамның барлық салаларында еңбек етіп жүрген азаматтарға сәттілік тілеймін, – деді Ерік Мейірханов.

Мерекелік іс-шарада қызметін мінсіз орындап, өз саласының кәсіби маманы атанған қызметкерлер марапатталды. Оның ішінде мәдениет саласында 40 жылға жуық еңбек етіп жүрген «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» директорының орынбасары Самат Тергембаев та бар. «Бүгінгі іс-шарада елге еңбек етіп, жастарға үлгі болып жүрген азаматтар шақырылып, марапатталып жатыр. Әрине, еңбек еленген әрқашанда жақсы. Мен мәдениет саласында мектеп бітіргеннен бері еңбек етіп келемін. Отбасымда да балаларымның барлығы болмаса да, мәдениет саласында еңбек етіп жүргендері бар» деді Самат Тергембаев.

Марапаттау рәсімінен кейін мерекелік басқосу концерттік бағдарламаға ұласты.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Жақында Астана қаласы әкімдігінің №71 «Мөлдір» балабақшасында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында ұлттық ойындарды жаңғырту мақсатында қалалық семинар өтті.

Асық ойнау жолдарын жаңа тәсілмен үйрету, балалардың ойлау және қимыл дағдыларын жетілдіру, ата-аналар мен балаларды бірге ойнауға шақырып, отбасылық қарым-қатынасты нығайту мақсатында өткізілген бұл семинар ата-бабамыздан қалған мұраны жаңғыртып, ұлттық ойындардың денсаулықты нығайтып, шапшаңдыққа, тапқырлыққа тәрбиелейтін қасиетін ұғындырды. Семинарда «Асықпен жаттығу», «Бес тас» ойынын ата-аналар балаларымен бірге ойнап жарысты. Ата-аналар мен балалар бірігіп «Қара жорға», «Асық биін» биледі.

– Халқымыздың болашағы, еліміздің ертеңі жас ұрпақ үшін өйөрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін нығайтатын ұлттық ойындардың балабақшада үйретіліп, насихатталып жатқаны өте дұрыс. Ұлттық дәстүрді отбасы құндылықтарын ұштастыру – әр ата-ананың міндеті, – деді Семинар қонағы «Өрлеу» БАҰО филиалы Астана қаласы бойынша Кәсіби дамыту институтының аға оқытушысы Гүлмайра Өмірбекова.

Жанар ЖҮСІПӘЛИЕВА,
Астана қаласы әкімдігінің №71 «Мөлдір» балабақшасының меңгерушісі

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛДЫ

Атом саласы қызметкерлері күніне орай елордалық оқушылар Ядролық физика институты Астана қалалық филиалының жұмысымен танысты. «Атом энергетикасының болашағы» аталған іс-шара оқушылардың ғылымға қызығушылығын арттыруға бағытталды.

Индира БЕРЖАНОВА

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы ұйымдастырған іс-шараға жаратылыстану ғылымдары бағытында бірқатар жетістікке жеткен оқушылар іріктеліп қатысты.

«Республика бойынша көп адам елімізде бірқатар электро-физикалық қондырғылар барын біле бермейді. Мысалы, біздің филиалда ауыр иондардың үдеткіші бар. Қатты дене физикасы зертханасы, ядролық физика зертханасы және технологиялық тіректі мембраналар зертханасы атты 3 зертханаларымызда оқушылар мектептен тыс уақытта білікті мамандармен бірге ғылыми жобаларын жасай алады. Жоба қорғап, оқуға түсіп, білімін әрі қарай жетілдірген жастарды, тіпті 1,2-курстан-ақ жұмысқа алуға тырысамыз. Біздің мақсатымыз – жас толқынды ғылымға тарту» деді өз сөзінде Ядролық физика институты Астана қалалық филиалы директорының орынбасары Дарын Бөргеков.

Іс-шара барысында оқушылар электронды микроскоп жұмысымен танысып, бірқатар құрылғыларда тәжірибелердің қалай жүзеге асып жатқанын тамашалады. Ерекше қызығушылық танытқандардың қатарында №103 орта мектептің 10-сынып оқушысы Дидар Таңат та бар.

«Кездесу маған қатты ұнады. Білікті мамандар теориялық тұрғыда оқығанымызды практика жүзінде жете түсіндірді. Болашақ – ядролық физикада. Мен өзімді инженер ретінде көргім келеді. Сондықтан мұндай кездесулердің маңызы айрықша» деп бөлісті оқушы.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылғы 02 қазанда сағат 10.00-де Астана қаласы мәслихаты сегізінші шақырылымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. «Астана қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 113/15-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. «Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан мұз айдыны қызметін ұйымдастыру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 338/42-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. «Астана қаласының аумағын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы».

Е. КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Оған білім беру, медицина ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ басқа да өкілетті орган қызметкерлері, комиссия мүшелері қатысты.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шапағат ӘБДІР

Іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжанова жүргізіп, инклюзивті орта қалыптастыру бойынша жұмыстар оқу орындарында қалай жүріп жатқанын, әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысуда және оны дамытуда қандай кедергілерге тап болып жатқанын талқылаймыз деп атап өтті. Сондай-ақ қазіргі кезде таралып жатқан адам папилломавирусының алдын алу шараларының қай деңгейде жүріп жатқаны, оған қарсы 11 жастан 13 жасқа дейінгі қыздарға екпе егу мәселесі басталғанын да айтып өтті.

Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасы директорының шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Ақмарал Исабекова және Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлназ Досмурзаева баяндама жасады.

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шаралары туралы баяндама жасаған Ақмарал Әбуқызы экономиканың барлық секторында жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілеріне, оның ішінде кәсіпкер әйелдерге кәсіпкерлікті қаржылай және басқа да қолдау шаралары туралы ақпарат-консультация қызметі туралы айтып өтті. Оның айтуынша, Астана қаласының Кәсіпкерлер палатасында әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы оларға 7 түрлі бағыт бойынша қызмет көрсетеді. Сонымен қатар орталық кәсіпкерлік бастамасы бар әйелдер мен кәсіпкер әйелдердің қажеттіліктерін анықтау, тренинг өткізу, бизнесті сыртқы бағалау және тәлімгерлік бойынша қызмет көрсетіп, әйелдер кәсіпкерлігінің бизнес-әлеуетін дамытуға бағытталған форум, конференция, басқа да іс-шараларды ұдайы өткізіп тұрады.

– Қазіргі уақытта кәсіпкер әйелдердің саны мен олардың экономиканы дамытудағы маңызы артып келе жатқанын атап өткім келеді. Үкімет Қазақстанда ШОБ-ты дамытуға үлкен көңіл бөледі, оның ішінде қолдау әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған. Шағын және орта бизнес иелерінің құрылымында кәсіпкер әйелдердің үлесі жоғары көрсеткішке жетті. Қазіргі заманда бизнесте жүрген әйелдер өздерінің бизнес-идеясын іске асыру, компанияларды дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру үшін мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланатыны қуантады, – деп атап өтті А.Исабекова.

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлназ Досмурзаева қазіргі таңда жатыр мойны обыры бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда да өзекті мәселелердің бірі болып тұрғанын айтты.

– Халықаралық қатерлі ісікті зерттеу агенттігінің дерегінше, әлемде жыл сайын оның 500 мыңнан астам жаңа жағдайы тіркеледі және жыл сайын одан 300 мыңнан астам әйел көз жұмады екен. Елімізде ауырсыну белгілері еленбейтін бұл дерт жылына 600-ге жуық қыз-келіншектің өмірін қияды. Науқастардың 15 пайызы ауруы асқынғанда ғана дәрігерге жүгінетінін байқап отырмыз. Сондықтан бұл кеселді болдырмау, оның алдын алу үшін қазіргі таңда елімізде 11-13 жастағы қыздарды вакциналау жүріп жатыр. Біз халыққа әлі де екпенің кері әсері жоқ екенін, бала босануына кедергі келтірмейтінін түсіндіруіміз керек, – деді Гүлназ Төленқызы.

Отырыс соңын Назгүл Мақжанова Астана қаласында «Атамекен» кәсіпкерлікті қолдау палатасы жанындағы әйелдерді қолдау орталықтарының биылдан бастап жойылып жатқаны турасында айтып, мүмкіндігі шектеулі жандардың, кәсібін дамытқысы келген әйелдердің өздері өндірген немесе қолдан жасаған заттарын сататын заңды орындардың ашылуына Үкімет тарапынан қандай да бір көмек көрсетілсе екен деген тілекпен сөзін түйіндеді.

ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Астанада бақылау және қадағалау органдарының бизнес-қауымдастықтың алдындағы бірыңғай есеп күні өтті.

Іс-шараға Астана қаласы әкімдігінің басқармалары, Астана қаласының Кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Астана қаласы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есепке алу департаменті, Астана қаласының Қалалық ортаны бақылау және сапасын бақылау басқармасы, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, Төтенше жағдайлар, Мемлекеттік кірістер департаменттері және басқа да бақылау-қадағалау органдары қатысты.

Олар Бақылау және қадағалау органдарының биылғы жылдың 1 қаңтарынан 1 тамызына дейінгі аралықта жүргізілген жұмыстары, мемлекеттік органдардың кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында істеген істері туралы есеп берді.

Жиын жыл сайын бизнесті мемлекеттің бақылау-қадағалау функцияларымен таныстыру, кәсіпкерлік субъектілері мен қауіпсіз қызмет ұйымдарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілді.

№116 (4704) 28/09/2024 Сенбі

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Соңғы жылдары Астана тек әкімшілік қана емес, кәсіпкерлік орталыққа да айналды. Бүгінгі таңда қалада 237,5 мың шағын және орта бизнес субъектілері табысты жұмыс істеп жатыр. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 11 мыңға артық. Тиісті компаниялар 512 мың адамды немесе бас қаладағы экономикалық белсенді халықтың 24 пайызын жұмыспен қамтып отыр. Шағын және орта кәсіпкерлік елорда экономикасының 78,3 пайызын құрайды. Бұл мәліметтерді Астана қаласы мәслихатының көпшілік тыңдауларында қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов жеткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

140 ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ БЕРІЛДІ

Оның айтуынша, биылғы бірінші тоқсанда шағын және орта кәсіпкерлік 3 трлн 321,8 млрд теңге сомасына тауарлар өндіріп, қызмет көрсетті. Бұл тарапта өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3 пайыз өсім бар. Осы жылдың бірінші тоқсанында елорда бюджетіне 1 трлн 235,2 млрд теңге салық және басқа төлемдер түсті. Соның 718 млрд теңгесі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесінде.

«Биыл бюджеттен кәсіпкерлерді қолдауға 32,4 млрд теңге қарастырылған. Бұған республикалық бюджеттен 23,8 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 8,6 млрд теңге бөлінді. Алдағы қазан айында мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурс өткізу жоспарланып отыр. Республикалық бағдарламалармен қатар «Астана бизнес» жергілікті жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы іске асуда. Осы жылы аталмыш бағдарламаға 2,5 млрд теңге қарастырылған. Аталған бағдарлама аясында бірінші жартыжылдықта 2,4 млрд теңге сомасына 140 жеңілдетілген несие берілді. Республика бойынша 635 кәсіпкер әлеуметтік кәсіпкерлер тізіміне енді. Соның 161-і немесе 25,3 пайызы – астаналықтар» деді Халел Әкімжанов.

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Өнеркәсіпті дамытуға ерекше көңіл бөлініп жатқанын атап өткен ол биылғы 8 айда өнеркәсіп өндірісі 13 пайызға артып, 1,3 трлн теңгеге жеткенін айтты. Соның негізгі бөлігін өндеу өнеркәсібі (91 пайыз) құрады. Бұл тарапта металлургия, машина құрастыру, минералды өнімдер өндірісі жетекші орындарды алып отыр.

«Инвестиция тарту мен өнеркәсіпті дамытудың негізгі тетіктері – жұмыс істеп жатқан «Астана – жаңа қала» және «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймақтары. Индустриалды парк елдегі өндіріс көлемі бойынша көшбасшы болып келе жатыр. Қазіргі таңда арнайы экономикалық аймақтарда 115 жоба жүзеге асуда. Соның 58-і бүгінгі таңда іске қосылды. №1 индустриалды парктің құрылысы мен табысты жұмысына байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасымен қазір №2 индустриалды паркті құру ісі белсенді жүргізілуде. Бұл нысан 409 гектар аумақты

алады. Онда 150 өндіріс ошағын орналастыру, жобаны мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі арқылы іске асыру жоспарланған» деді Халел Әкімжанов.

БІРНЕШЕ САЛА БІРІГЕДІ

Басқарма басшысының айтуынша, елорда өсіп, халық саны артқан сайын агроөнеркәсіп кешені тауарларына қажеттілік те ұлғайды. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге сұраныс пайда болды. Сол себептен 60 гектар аумақта аграрлы-индустриалды аймақты құру жоспарланды. Сол арқылы аграрлы және өнеркәсіптік аймақ бірігеді. Бұл үшін Астанамен шекаралас Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Қостанай облыстарының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен келісім жасалмақ. Қазір бидай өңдеу бойынша үздік үштікке кіретін халықаралық компаниямен меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ логистикалық парк құрылмақ. Бұған Астана – Қарағанды тасжолы ауданында аумақ белгіленді. Бұл жобаға қызығушылық танытып отырған компаниялар да бар. Заман сұранысына сай IT-секторды дамытуға да көңіл бөлінді.

«Астана хаб» барын түсінеміз. Бұл ұйым, негізінен, Soft-индустрияға жауап береді. Яғни, бағдарламалық және бұған ұқсас өнімдерді өндіреді. Бірақ Астана елде жылдам өсіп жатқан қалалардың бірі болғандықтан, инфрақұрылым мәселесі туындады» деді Халел Әкімжанов.

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

Оның мәліметінше, осы жылдың 8 айының қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестиция көлемі өсімінің оң динамикасы сақталды. Бұл 958 млрд теңгені құрады. Өсім – 19,2 пайыз. Жалпы тартылған инвестициялар көлемінде жекеменшік инвестициялардың үлесі 75 пайыздан асты. Оның сомасы 707 млрд теңгеге (өсім – 16,2 пайыз) жетті.

«Осы жылдың соңына дейін 1,7 триллион теңге инвестицияны қамтамасыз ету жоспарланды. Бұл инвестициялар өнеркәсіптік кәсіпорындарды ашуға және тұрақты жұмыс орындарын құруға құйылады. Биылғы бірінші тоқсанда тікелей шетелдік инвестиция 383,6 миллион АҚШ долларын құрады. 2024 жылға жоспар – 1 миллиард 135 миллион АҚШ доллары. Инвестиция тарту аясында 23 мың жаңа жұмыс орнын құру, 653 жобаны іске асыру қарастырылған» деді басқарма басшысы.

Сауда және қызмет көрсету саласын дамытуға тоқталған баяндамашы бұл сала қала экономикасының негізін құрайтынын жеткізді. Осы жылдың 8 айында бөлшек тауар айналымы 1,6 трлн теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,4 пайызға өсті. Дистрибьютерлік тауар айналымы да артып, 4,1 трлн теңгені құрады.

ТУРИСТЕР САНЫ АРТАДЫ

«Заманауи көше саудасы форматын құру және елорда архитектурасына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін павильондарды орналастыру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл мәселе қалалық мәслихатта көп талқыланып, қазір жаңа ереже бекітілуде» деген Халел Әкімжанов туризмді дамытуға тоқталды.

Оның айтуынша, қазір елордаға туристердің қызығушылығы үлкен. Былтыр елордаға 1,3 млн турист келген. Бұл рекордтық көрсеткіш еді. Биыл бұдан да көп болады деп болжанып отыр. Осы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша туристер саны 677 мың адамға жетіп, былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 9 пайызға артты.

«Елордаға туристердің келуіне қажет инфрақұрылым құрылды. Қазір Астанада 257 қонақүй және 70-тен астам туристік нысан бар. Биыл қалада көптеген іс-шара өтті. Мәселен, жақында өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындары. Соның есебінен туристер көбейді» деді басқарма басшысы.

ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Халел Әкімжановтың айтуынша, елордада шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту аясында назар аударуды қажет ететін мәселелер бар. Соның біріншісі, кәсіпкерлерді қолдау бағдарламасын қаржыландыру.

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 8 АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ ӨСІМІНІҢ ОҢ ДИНАМИКАСЫ САҚТАЛДЫ. БҰЛ 958 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ. ӨСІМ – 19,2 ПАЙЫЗ. ЖАЛПЫ ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІНДЕ ЖЕКЕМЕНШІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ 75 ПАЙЫЗДАН АСТЫ. ОНЫҢ СОМАСЫ 707 МЛРД ТЕҢГЕГЕ (ӨСІМ – 16,2 ПАЙЫЗ) ЖЕТТІ

«Мемлекет басшысы осы жылдың 2 қыркүйегінде Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, нақты секторды несиелеу әлі де тиісті деңгейге жеткен жоқ. Шағын және орта бизнесті қаржыландыру мәселесі де толық шешілмеген. Бұл кәсіпкерлердің белсенділігіне, экономикалық тұрақтылыққа және өсіміне теріс әсер етеді» деген басқарма басшысы қазір бұл тарапта қолға алынған жұмыстарға тоқталды. Кәсіпкерлікті ілгерілетуге кедергі болып жатқан тиісті инфрақұрылымның, соның ішінде электркуатының жеткіліксіздігін атап өтті. Астанада кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2022-2027 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасына өзгерістерді енгізу қажеттігін айтты.

БІРЫҢҒАЙ АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚАЖЕТ

Астана қаласы прокуратурасының аға прокуроры Нұрбек Айтжан кәсіпкерлердің құқығын қорғау жұмысы мен осы саладағы мәселелерге тоқталды. Астана қаласы кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Жеңіс Тайшытаев, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Астана қаласы бойынша өңірлік филиалы басшысының орынбасары Ақбота Нұрғалиева, қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының хатшысы Салтанат Женалаева баяндама жасады.

«Кәсіпкерлікті дамыту – экономикалық саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл сала жоғары технологиялық өндірістерді құруға бағдарланған орта тап пен бәсекеге қабілетті динамикалық бизнес қауымдастықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында Үкіметтің алдында маңызды міндет қойылғанын атап өтті. Бұл – 2029 жылға қарай экономикадағы орта бизнестің үлесін 15 пайызға дейін арттыру. Бүгінгі таңда бұл көрсеткіш шамамен 7 пайызды құрайды. Өткен жылдың соңында мәслихат «Астана кәсіпкері» бағдарламасын бекітті. Статистика бойынша соңғы жылдары Астана қаласында кәсіпкерлер саны бірнеше есе артты, әрбір үшінші астаналық кәсіпкерлік саласында жұмыс істейді. Бюджетке түсетін салық түсімдерінің жартысынан көбі шағын және орта бизнеске тиесілі» деген Салтанат Женалаева осы саладағы түйткілдерді де атап өтті.

Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимовтың пікірінше, шағын және орта бизнес өкілдері салықтық есептілікті құрастырудың базалық дағдыларын меңгермеген. Бұл бухгалтерлік сүйемелдеудің сапасын арттырып, оқыту көлемін кеңейтуді талап етеді. Мәслихат төрағасы Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасына, Астана қаласы кәсіпкерлер палатасына Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, кәсіпкерлердің негізгі сұрақтарына жауап беретін бірыңғай анықтамалық әзірлеуді ұсынды.

«Мұндай құжат үдерістерді жеңілдетуге және шағын және орта бизнес саласына қатысушылардың барлығына көмектеседі» деді Ерлан Каналимов.

АЭС – ТҰРАҚТЫ ӘРІ ҮЗДІКСІЗ ЭНЕРГИЯ КӨЗІ

Ядролық физика институтының жетекші ғылыми қызметкері Данияр ЖАНСЕЙІТОВПЕН атом энергетикасының артықшылығы және әлем елдерінің тәжірибесі туралы сөйлестік.

– Данияр Маралұлы, АЭС бізге не береді? Оның перспективасы туралы түсіндіріп берсеңіз.

– Ең алдымен елімізде жаңа технологиялық бағыт пайда болады. Әлемдегі 32 елде АЭС бар. Бірақ барлығында атом станциясы 3 немесе 3+ буынына жатпайды, тек 10-12-сі ғана жоғары технологиялы станциялармен жабдықталды. Яғни атом саласындағы жетекші мемлекеттер оншақты деуге болады.

АЭС бізге не береді деген сұраққа келейік. Біріншіден, экономикалық тұрғыда тиімді. Елдің инвестициялық тартымдылығы артады. Шетелдің ірі-ірі компаниялары АЭС-ті сенімді энергия көзі ретінде бағалайды, заманауи технологияны қолданатын ел ретінде мойындайды. Екіншіден, экологиялық тұрғыдан тиімді. Өйткені ауаға газдар бөлінбейді. Үшіншіден, қауіпсіздігі жағынан кепілдік беріледі.

Атом станциясы орта есеппен 10-12 жылда салынып, оның бюджеті 12-15 миллиард долларды құрауы мүмкін. Сарапшылардың арасында қоғамда қаржы жұмсағанша, шағын станциялар салғанымыз дұрыс дейтіндер бар. АЭС-ті салсақ 60 жыл тұрақты энергия көзі болады, жөндеу жұмысын жүргізіп, тағы 20 жылға созу мүмкіндігі бар.

Әлем елдерінде 60 реактор жұмыс істеп тұр. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, станция жұмыс істеп тұрған кезде 3 миллиард доллар салық ретінде ел бюджетіне қаржы түседі. Екінші жағынан, станцияны салу барысында 8 мың адам тұрақты жұмысқа тартылады. Іске қосылғаннан кейін 2 мың адам озық технологиялы станцияда жұмыс істейді. 60-80 жыл АЭС-те 2 мың отандық маман тұрақты жұмыспен қамтылады. Бастысы, АЭС – тұрақты әрі үздіксіз энергия көзі. Әзірге атом энергетикасының орнын басатын өзге станциялар жоқ.

– АЭС-те қауіпсіздік жағынан кепілдік беріледі деп отырсыз. Осыны қарапайым адамдарға түсіндіріп берсеңіз.

– Халық «АЭС салына ма, біз ешқандай жерді пайдалана-бауымыз керек, ол жерде адам тұрмауы керек, ол жерде ауыл шаруашылығымен айналыспау керек» деп ойлауы мүмкін. Олай емес, қазіргі санитарлық қорғау аймағы 3 шақырымнан аспайды.

Атом станциясының отыны – уран. Өзге станциялардан айырмашылығы – осы. Уранның түрлері көп. АЭС-ке 4-6 пайыз байытылған uranium-235 қолданылады. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік статистикасы бойынша активті аймақта (реактордың отын тұратын жері) апат болу ықтималдылығы (балқып кетуі) мүлде мүмкін емес. «Реактор жарылады» дейтін адамдар бар. Бұл – қате тұжырым. Реактор жарылмайды. Өйткені жарылу үшін uranium-235 90 пайыз уранмен байытылуы керек. Ал реакторда 4-6 пайыз ғана уран болады.

Енді реактордың құрылымына келейік. Реактордың корпусы жоғары сұрыпты 200 миллиметр болаттан құйылады. Автоматтандырылған жүйе арқылы реактор қызған кезде суып тұрады. Активті және пассивті өзара қайталанатын қауіпсіздік жүйелері бар. Мәселен, адами фактордан қателік кеткен жағдайда, пассивті жүйе іске қосылып, дер кезінде кемшіліктің алдын алады. Одан бөлек, 3+ буынды станциялардағы активті аймақ шамамен 12-20 метр болады. Оның сыртында қорғау қабаты орналасады. Оны 1 метр бетон жауып тұрады. Бұл аймақ табиғи және антропогендік қауіптерден сақтайды. Реактор шахтасының төменгі бөлігінде ауыр авариялар кезінде активті аймақтың балқуын оқшаулау үшін «балқыма тұзағы» салынады. Жердің астындағы диаметрі – 12-20 метр. 1000 жылда бір оқиға орын алып, реактор балқып, радиация бөлінсе, активті аймақ төмендегі «балқыма тұзағына» түсіп, автоматты түрде оның төбесі жабылады.

Атом электр станциялары салыстырмалы түрде аз отынмен жұмыс істей алады. Салмағы небәрі 3 грамм болатын уранның өзі бір тонна көмір немесе 480 литр мұнай сияқты көп энергия береді. Бұл Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін арттырары сөзсіз.

– Тұрақты энергия көзін алуға ұмтылып жатқан елдер АЭС-ке басымдық беруде. Мұның себебі неде? Озық елдердің АЭС-ке көзқарасы қандай?

– Қазір әлем бойынша 415 реактор жұмыс істейді. Яғни 200-ден астам АЭС энергия беріп тұр. Озық елдердің арасында Германия, Швеция атомдық бағдарламасына сақтықпен қарап жатыр дейтіндер бар. Бұған бұл елдердің ішкі себебі бар. Біріншіден, Германиядағы болсын, Швециядағы болсын атом станциялары алғашқы буынға жатады. Сосын толық жауып тастаған жоқ, экономикасына қажетті энергияның 50 пайызына дейін ескі АЭС-тен алып отыр. Қалған бөлігін көрші елдерден тасымалдайды. Мәселен, Германия Франциядан, Швеция Финляндиядан электр энергиясын импорттайды. Еуропа мемлекеттері арасында экономикалық интеграция жоғары. Франция тұтынатын энергияның 70 пайызын АЭС-тен алады және артығын көрші елдерге сатады. Ресми Париж үшін энергия көзге көрінбейтін мұнай болып тұр. Біріккен Араб Әмірлігі АЭС-тен энергия алуға көшті. Өзбекстан атом энергетикасын дамытуға ниетті. Арабтарда мұнай, өзбектерде газдың мол қоры бар. Солай бола тұра, бұл елдер атом бағдарламасын ілгерілетуді басымдық етті. Өзбекстан уран отынын бізден не Австралиядан алады. Мұның басты себебі – жаһандық жылынудың алдын алу. Дизель, газ, көмір станцияларынан көмірқышқыл газы шығады. Париж келісімшартына байланысты әлем елдері 2060 жылға дейін ауаға бөлінетін газдың көлемін азайтуы тиіс.

– Атом бағдарламасын дамытып жатқан тағы қандай елдер бар?

– 2007 жылдан бері Түркияда АЭС салынуда. Жақында екі реактор іске қосылуы тиіс. Сондай-ақ Мысыр, Сауд Арабиясы, Бангладеш, Таиланд және Мексика атом саласын дамытуда. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігінің мәліметінше, 2050 жылға қарай барлық елдің АЭС-інен өндірілетін электр энергиясы 792 ГВт дейін, яғни 2 есеге өседі. Қазір Қытайда – 26, Үндістанда – 7, Ресейде – 4, Оңтүстік Корея, Жапония және Ұлыбританияда – 2, Франция, Бразилия, Аргентина, Иран, Словакияда 1 реактор салынып жатыр.

– Қазақстанда АЭС салудың өз артықшылығы бар ма?

– Біріншіден, көптеген ел атом энергиясы бағдарламаларын іске қосу мәселесін бірінші рет қарастыруда. Ал Қазақстанның ядролық технология бойынша тарихы бай, дайын кадрлары жеткілікті. Жыл сайын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті жүздеген энергетик маманды, ядролық физика саласында ғалымдарды дайындайды. Біздің ядролық физика институты тәжірибе алаңына айналды. АЭС-тің жұмысына қажетті уран қоры да мол. Уран отынын сақтайтын арнайы базалар жұмыс істейді. Қысқасы, АЭС-ке қажетті барлық мүмкіндік бізде бар.

– Ядролық физика институтының жұмысына тоқтала кетсеңіз.

– Институттың құрылғанына 57 жыл болды. Оның құрамына 22 ғылыми-зерттеу зертханасы, заманауи талдамалық және эксперименттік жабдықтары бар 3 ғылыми-техникалық орталық кіреді. Сондай-ақ 2 оқу орталығы жұмыс істейді. ВВР-К зерттеу реакторы мен 9 ядролық, радиациялық, электрофизикалық қондырғысы бар. Біздің зерттеу реакторы электр өндіретін реактордың жұмыс істеу принципімен 99 пайыз бірдей. Сонда ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіледі. Қазір Жапонияның ғалымдарымен бірге 4 буынды реакторларды іске қосу мүмкіндігін зерттеп жатырмыз.

Сұхбаттасқан Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

КЕЛЕШЕК ҮШІН МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Қазір қоғамда «атом энергетикасы қаншалықты қажет?» деген тақырып қызу талқылануда. Шындығында, бүгінде елімізде таңғы және кешкі уақытта энергия дефициті орын алуда. Энергия тапшылығын толтыру үшін көршілес мемлекеттерден электр қуатын сатып алуға мәжбүрміз.

Қазақстанды энергетикалық тұрғыда солтүстік, оңтүстік және батыс өңірлері деп бөлсек, солтүстікте энергия көлемі жеткілікті мөлшерде, оңтүстік және батыста керісінше, электр энергиясы тапшы. Энергетика министрлігінің деректері бойынша электр энергиясының тәуліктік тапшылығы 1200 мегаватт қуатқа жетеді (бұл қуат шамамен 600-800 мың адам тұратын үлкен қаланы электр қуатымен қамтамасыз ете алады). Әлемдік тәжірибе ең оңтайлы шешімді – бейбіт атомды ұсынады. Атом энергетикасы – тұтынушыларды сенімді энергиямен қамтамасыз ететін болжамды баға бойынша тұрақты энергия өндірудің бірден-бір көзі.

Сыртқа тәуелді болу энергетикалық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіреді. Сондықтан жаңа базалық генерация көздері керек-ақ. АЭС – соның бірден-бір түрі. Бүгінде әлемнің 32 елінде 415 пайыз энергетикалық реактор жұмыс істеп тұр. Оның 74 пайызы – қысым астындағы жеңіл су реакторлары.

Әлемдегі АЭС-тің 70 жылдық тарихында 3 елде төтенше жағдай болды. Біріншісі – Три-Майл-Айлендте, екіншісі – Чернобыльде, үшіншісі Фукусима-1 станциясында орын алды. Алғашқы екеуі атом станциясының алғашқы буынына жатса, соңғысына табиғи жағдай әсер етті.

Ядролық физика саласы ғалымдарының пікірінше, қазіргі АЭС-тер 3 және 3+ буынына жатады. Бұлар қауіпсіздіктің барлық талабына жауап береді. Реакторлар толық автоматтанған. Егер АЭС-тің бір құрылымынан ақау шықса, автоматты түрде жұмысты өзі уақытша сөндіреді екен.

АЭС «жасыл» энергия көзіне жатады. Сонымен бірге атом энергетикасы – ғылым мен білімнің дамуына, сабақтас салаларда жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін жоғары технологиялық сала.

Қазақстандағы энергия тапшылығы мәселесін шешкен кезде атом энергетикасының артықшылығын ескерген жөн. Мысалы, ядролық отынға қолданылатын 1 килограмм уран толық жанған кезде 100 тонна жоғары сапалы көмір немесе 60 тонна мұнай шығаратындай энергия бөлетінін айтады ғалымдар.

Тағы да ғылыми тұжырымдалған пікірлерге сүйенер болсақ, жаңа заманауи АЭС-тер 9 балға дейінгі жер сілкінісіне және басқа да табиғат құбылыстарынан қорғауға арналған. Заманауи АЭС-тердегі апаттардың ықтималдығы 10 миллион жыл жұмыс істегенде 1 апаттан кемді құрайды. Мысалы, ЖЭО-да көмірдің жарылу ықтималдығы 80 есе жоғары. Әрбір заманауи АЭС-те ядролық реактордың қорғаныс қабықшасы, станциядағы төтенше жағдайлар кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылғы бар.

АЭС-тердің қоршаған ортаға және халыққа әсерін болжамды бағалау әсер етудің жоспарланған деңгейлері нормативтік құжаттармен реттелетін рұқсат етілген мәндерден айтарлықтай төмен екенін көрсетеді. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, АЭС жұмыс істеуі өңірдің табиғи ортасы мен халқына кері әсерін тигізбейді деп сенім артуға болады. Мұның барлығы – ядролық физика саласы мамандарының пікірлері мен ашық дереккөздеріндегі мәліметтер.

Атом энергетикасының өсіп келе жатқан жаһандық үрдіс екенін түсіну маңызды. Қатты отынды ұтымды ауыстыру ретінде бейбіт атомдарды қолдануға тырысып жатқан елдердің саны артып келеді. Оның ішінде Қазақстанның көршілері де бар екенін атап өткен жөн. Осылайша, Өзбекстан қазірдің өзінде АЭС құрылысы туралы келіссөздер жүргізіп жатыр. Бұл қазіргі уақытта құрылыс мәселесі ерекше өзекті екенін білдіреді: уақыт жоғалтқан жағдайда Қазақстанда аутсайдер болып қалу және кейіннен тәуелді жағдайға тап болу қаупі туындауы мүмкін.

Көп адам біле бермейді, біздің елде энергетикалық реактор, бірнеше зерттеу реакторы жұмыс істейді. Ақтауда БН-350 деген энергетикалық реактор болған-ды. 1964 жылы құрылысы басталып, 1973 жылы станциядан электр энергиясы өндіріле бастады. 1994 жылы жабылды. Яғни біздің елдің тәжірибесінде АЭС болды. Ал зерттеу реакторы Алатауда және Курчатовта бар. Олай болса біздің елде тәжірибелі мамандар бар. Бүгінде отандық мамандар Жапония мен Франция секілді елдерде инновациялық атом электр станциялары жобаларына қатысатынын жақсы білеміз.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ядролық физика кафедрасы бар. Аталған оқу орындары жыл сайын 100-150 бакалавр мамандарын шығарады. Одан бөлек, 50 магистрант, 15 докторант білім алады. Өзімнің бір перзентім де 2022 жылы әл-Фараби университетін «ядролық физика» мамандығы бойынша бітіріп, жоғары білім алды. Сол себепті сала мамандарын дайындау деңгейінен аз-кем хабарым бар.

АЭС-ті өзіміз салмайтынымыз анық. Атом энергетикасы саласында тәжірибесі бар жетекші елдің компаниясы салады. АЭС-тің салу барысын МАГАТЭ толық қадағалайды. Қаражаттың шығыны үш деңгейлі тексеруден өтеді. Соның бірі Дүниежүзілік банктің қарауында болады.

«Қазатомөнеркәсіп» уранның дайын өнімін өндейді. Екіншіден, Үлбіде ядролық отын жиналып, шығарылады. Үшіншіден, жарты ғасырдан астам уақыт атом реакторлары жұмыс істеп тұр. Төртіншіден, атом саласының ғалымдары бар. Ендігі қадам – «жасыл» энергия беретін АЭС салу қажеттігі.

Ғылыми қауымдастықпен өткен жиыннан өзіндік көзқарасымды қалыптастырып, энергетика саласының мамандарымен пікір алмасып, осындай ой түйдім. Осы орайда Қазақстан азаматтарының барлығы бір кісідей жалпыұлттық референдумға қатысып, елдік мүддеге тікелей қатысы бар маңызды шараға атсалысуы қажет. Себебі мемлекетіміздің кемел келешегі жолында дұрыс таңдау жасауымыз үшін әрбіріміздің дауысымыз маңызды болмақ.

Руслан РҮСТЕМОВ, Парламент Сенатының депутаты

№116 (4704) 28/09/2024 Сенбі

БАСТЫ НАЗАРДА – ПАЦИЕНТ

Астанада Дүниежүзілік пациент қауіпсіздігі күніне орай «Пациент – басты назарда» атты халықаралық конференция өтті. Іс-шара медициналық қызметтердің сапасы мен аккредиттеу мәселелеріне бағытталған. Елімізде бұл саланың халықаралық стандарттарға қаншалықты сәйкес келетіні және пациенттердің қандай құқығы мен міндеті бар екені туралы ACQH басқарма төрағасы Ботагөз ҚАУЫПБАЕВАМЕН сөйлескен едік.

– Медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен уақытына қатысты алуан пікір көп. Енді біреулер жүйені түбегейлі өзгерту керек дейді. Сіз қалай ойлайсыз?

– Біз енгізген стандарттарда пациенттер үшін қолжетімді орта кіреберістен бастап медициналық мекеменің қабырғасында болуы керек. Пандустар мен жеделсатының болуы, ескерту және ақпарат тақтайшалары – бұл пациент үшін қауіпсіз аумақтың бастамасы. Мұның бәрі жүйеде болуы керек. Шынында, егер пациент емханаға құлап, сүрініп жетсе, одан әрі көңілсіз отырған дәрігерге жолықса – бұл жерде дәрігер ғана кінәлі емес, түгел жүйе кінәлі.

Медициналық ұйымның қызметін бағалау құралдарының бірі – аккредиттеу. Біз кіреберістен бастап қарапайым, бірақ қажетті нәрселерді қарастырамыз, яғни сыртқы кешенді бағалау жүргізіледі. Егер шағымдардың саны артып келеді десек, бұл аурухана басшылығының нашар жұмысының көрсеткіші емес, стейкхолдерлердің клиникада болу жағдайларын жақсарту туралы ойлануына себеп болатынына сенімдімін. Егер жүйе жұмыс істемесе, онда ол басшының немесе менеджердің кінәсінен жұмыс істемеді. Біз пациенттің бізбен, тәуелсіз аккредиттеуші ұйымдармен бірге жүйені құруға көмектесуін қамтамасыз етуді мақсат етеміз. Бізде барлық медициналық ұйымда болуы керек пациенттерді ақпараттандыру және оқыту бойынша көптеген стандарт бар және

пациенттің осы қажетті әрі маңызды іске қосқан үлесін күтеміз.

– Науқастың медициналық қызмет сапасын жақсартуға және соның салдарынан шағымдардың санын азайтуға жауапкершілігі қандай?

– Науқас белгілі бір стандарттарды сақтауы керек. Мысалы, скрининг – бұл бәрі білуі керек керемет бағдарлама. Бірақ науқас не істейді? Ол дәрігерлер мен медбикелерден аулақ жүреді. Яғни денсаулығының жай-күйін тегін тексерткісі келмейді. Медбикелер одан скринингтен өтуін жалынады. Ал күрделі мәселе туындаған кезде «кім кінәлі?» деген сұрақ туындайды. Бұл пациенттің және жалпы қоғамның мәдениеті туралы. Тек күш-жігерді біріктіре отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы айтуға болады. Дәрігерге жауретінде қарау – бұл дұрыс емес тәсіл.

– Қазақстандық аккредиттеу әлемдік стандарттарға қаншалықты сәйкес келеді?

– Біз 15 жыл бойы пациенттерге де, медициналық қызметкерлерге де ыңғайлы болатын стандарттарды жасау үшін жұмыс істедік. Бүгінгі таңда ACQH стандарттарымыз, оқу бағдарламамыз және процестеріміз халықаралық беделге ие әлемнің үздік 40 аккредиттеуші ұйымдарының қатарына кіретінін мақтанышпен атап өтемін. Көршілеріміз мұндай нәтижелермен мақтана алмайды. Қазақстан қазір Ресей мен Өзбекстан клиникаларын аккредиттейді. Біздің әріптестеріміз процестерді стандарттау қауіпсіздік пен тәуекелдерді азайтудың кілті екенін түсінеді.

– Стандарттарды құруға тек дәрігерлер мен денсаулық сақтау менеджерлері қатыса ма? Науқастар ұсыныс бере ала ма?

– Әрине. Жаңа стандарттарды қоғам талқылайды, олармен аккредиттеу ұйымдары пациенттермен, ұйымдармен және бейінді мамандармен бірлесіп айналысады. Біз халықаралық тәжірибеде жұмыс істейміз, яғни стандарт бағалануы үшін оны бірнеше кезеңнен өткізу керек.

– Барлық қазақстандық клиника аккредиттеуден өте ме?

– Жоқ, аккредитация алу – бұл ерікті процесс, бұл жазалау жүйесі емес, бірақ біз оны біртіндеп жүзеге асыру керек екенін түсінеміз. Мен оны алу үшін клиника басшысының бір тілегі жеткіліксіз екенін атап өтемін. Өйткені стандарттар ауруханаңың барлық аспектісін ескереді – сумен жабдықтау, инфрақұрылым және басқа да мәселелер. Біздің клиникаларымыздың ғимараттары әрқашан стандартқа сәйкес келе бермейді.

– Енгізіліп жатқан жаңалықтарға қарамастан, қазақстандықтар басқа елдерде емделгісі келетіні жасырын емес...

– Бұл – адамның табиғаты. Алайда Қазақстан бүгін үлкен серпіліс жасады. Дәрігерлеріміз сапалы білім ала бастады және адамдар елде сапалы әрі қауіпсіз емделуге болатынын ұқты. Бұл біздің халықаралық қауіпсіздік стандарттарына жақындағанымызды білдіреді.

Дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

Қалалық мәслихатта МӘМС және елорданың Денсаулық сақтау басқармасының ведомстволық бағынысты ұйымдарының кредиторлық берешегі бойынша Ерлан Каналимовтың төрағалығымен отырыс өтті.

БЕРЕШЕК КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру филиалының директоры Гүлзат Шайхыбекова қордың негізгі қызметі мен жылдың 8 айындағы медициналық мекемелерге аударымдар, олардың кредиторлық берешегіне қатысты баяндады. Айтуынша, Денсаулық сақтау басқармасына қарасты 21 ұйымның берешегі бар екен. Ең көп қарызы бар медициналық мекемелер қатарында №1, 3 көпсалалы аурухана, перинаталдық, фтизиопульмонологиялық, инфекциялық орталықтар, «Достық» жеке емханасы бар.

Медициналық мекемелер ұсынатын қызмет сапасына келсек, арнайы жүргізілген мониторинг нәтижесінде бірқатар бұзушылық анықталған. Мәселен, консультациялық-диагностикалық көмек көрсету кезінде 282 бұзушылық анықталды. Осыған байланысты қор медициналық персоналды оқытуды, қызметті талдауды және уәкілетті органның бұйрығына түзетулер енгізу қажеттігі туралы ұсыныс енгізуді жоспарлауда.

Мәслихат депутаты Кендебай Адамбектің пікірінше, ақша қаражатын жұмсаудың тиімділігіне талдау жүргізу қажет.

«Мүмкін медициналық мекемелердің басшысы қызметінде экономистер болуы, ал бас дәрігер медициналық бөлімнің кеңсесін басқаруы керек. Кредиторлық берешек мәселесі ұзақ уақыт бойы шешілмейді» дей келе, депутаттарды да комиссия құрамына қосуды ұсынды. Айтуынша, кредиторлық берешек мәселелерін өздері шеше алмайтын 3-4 медициналық мекеме бар, сондықтан оларға көмек қажет екенін алға тартты.

Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов үш жыл ішінде бірде-бір басшы кредиторлық берешегі үшін жазаланбағанын атап өтті. Белгілі болғандай, қазіргі уақытта медициналық мекемелерге азаматтарды тіркеу өсті. Бұл консультативтік-диагностикалық консультациялардың санына да қатысты. Артық жазылған тіркеулер жүйелік бұзушылыққа айналған. Оған 3-4 ұйымда жұмыс істейтін дәрігерлер жол беріп отыр. Мұндай дәрігерлерге қатысты тиісті шаралар қабылдау қажет.

«2023 жылы және ағымдағы жылдың 6 айында үлкен сома есептен шығарылды. Дәрі-дәрмектердің жартысына жуығы пайдаланылмаған. Неге пайдаланылмаған екенін №2 қалалық ауруханаңың тәжірибесі көрсетеді. Мемлекет басшысы соңғы Жолдауында барлық ұйым үшін деректердің түпкілікті бақылауы мен объективтілігін қамтамасыз ететін бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйені құру міндетін атап өтті» деді Ерлан Каналимов.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова Ұлттық экономика министрінің бұйрығына сәйкес саланы дамыту жоспарлары бекітіліп жатқанын айтты. ММСҚ жоспарлағаннан да көп жоспары бар бірқатар медициналық мекеме бар. Бұл бірнеше жыл бойы жалғасуда. Осылай кредиторлық берешектің жинақталуы орын алуда. Көптеген АМСК орталықтары, оның ішінде 10 жыл берешегі бар ең

проблемалысы – «Достық» жеке емханасы. Әлия Рүстемова ММСҚ жүйесінде қанша адам пайыздық көрсеткіш бар деген сұрақты зерттеу үшін жеткізушілердің шағымы бойынша жұмыс тобын құруды ұсынды. ММСҚ жүйесінде тіркелмегендерді анықтау бойынша жұмыс жүргізу қажет. Себебі 300 мыңға жуық адам есепке алынбаған. Кез келген жағдайда оларға медициналық көмек көрсетіледі. Бұл – мемлекеттік қызметшілердің, бюджет қызметкерлерінің отбасы мүшелері, ХӘОТ өкілдері, жұмыс істеп, әлі де қолма-қол ақша алып жүрген адамдар.

Депутат Табиғат Зейнулкабден «Медициналық мекемелер неге коммуналдық қызметтерді төлемейді, миллиондаған қарызы бар» деген сұрақ қойды. Ол деректер фото мен бейнеде жазылғанын айтты. Қоқыс орнына жіберілмегеннің барлығы кәріз жүйесіне төгіледі.

Жиын соңында мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов медициналық мекемелерде жылу, электр, сумен жабдықтау, су бұру тарифтері бойынша ақпарат беруді және бұзушылықтарды жою бойынша іс-шаралар жоспарын дайындауды тапсырды.

ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Адам папилломавирусы (HPV) – адам ағзасының әртүрлі мүшесіне әсер ететін тері мен шырышты қабықтарды жұқтыруға қабілетті кең таралған вирус. Медициналық зерттеулерге сәйкес, HPV-нің 200-ден астам түрі белгілі. Онкогендік қаупі жоғары санатқа жататын 14 түрі ерекше алаң тудырады, олар шырышты қабаттар арқылы беріліп, жатыр мойны обыры сияқты қатерлі ісікті, сондай-ақ басқа да қатерлі ісіктерді тудыруы мүмкін.

Көбіне HPV инфекциясы асимптоматикалық болады. Алайда вирустың кейбір түрлері созылмалы түрге айналуы мүмкін, бұл қатерлі ісікке әкеп соқтырады. Әдетте, процесс 15-20 жылға созылады. Неге назар аудару керек? Негізгі алаңдаушылықтың бірі – онкогендік қаупі жоғары HPV тудыратын жатыр мойны обыры. Бұл ауру Қазақстандағы әйелдер арасында таралуы бойынша екінші орында тұр. Жыл сайын 600-ден астам әйел қайтыс болады. Негізінен, 20-45 жас аралығындағы әйелдерде кездеседі. Жатыр мойны обырының тиімді скрининг бағдарламалары жоқ елдерде мұндай жағдайларды анықтау ықтималдығы жоғары.

Вакцинациядан кейін дене HPV инфекциясына иммундық реакцияны күшейтетін антиденелер шығара бастайды. 9 жастан бастап вакцинация ұсынылатынын ескере отырып, қатерлі ісікке әкелуі мүмкін онкогендік қаупі жоғары HPV түрлерінің көпшілігінен қорғауды қамтамасыз етуге болады. Дегенмен вакцинация аурудың барлық түрінен толық қорғауға кепілдік бермейтінін есте ұстаған жөн. Сондықтан жатыр мойны обырына скрининг әйелдер үшін өте маңызды.

Скрининг – жатыр мойны обырын ерте анықтауға мүмкіндік беретін қайталама алдын алу шарасы. Тұрақты медициналық тексеру мен мамандардың ұсынысын орындау ұзақ және салауатты өмір сүру мүмкіндігін арттырады. Денсаулығыңызға қамқорлық жасап, әл-ауқатыңыз үшін жауапкершілікті ұмытпаңыз!

Гүлмайра БАЛТАБЕК,
№13 қалалық емхананың
акушер-гинекологы

ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫР

Әу баста жүрек қалауымен таңдап алған мұғалімдік мамандығын журналистикамен ұштастырып, қайраткерлігімен танылған Сайраш Әбішқызының есімі қалың қазаққа жақсы таныс. Қазақстан білім беру саласының құрметті қызметкері, ҚР Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің, Журналистер одағы сыйлығының иегері, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы. Абырой-атағы осылайша тізбектеліп кете береді. Бұл, әрине, ел мұраты жолында тынбай ізденіп, төккен терінің жемісі.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

1944 жылы 13 мамырда бұрынғы Семей, қазіргі Абай облысы Ақсуат ауданының Ерназар ауылында қарапайым еңбек адамдарының отбасында дүниеге келген қыздың тағдыры да ерекше. Сегіз айлығында әжесі бауырына басып, ауыз әдебиетінің, ертегілер мен жыр-аңыздардың сиқырлы әсеріне бөлеп, ұлттық педагогикамен сусындап өсіреді. Сол тәрбие Сайраш Әбішқызын қазақ елінің көркеюі жолында тынбай еңбек етемін деген мақсатқа жетеледі.

ӘЖЕДЕН АЛҒАН ҰЛАҒАТ

Бала Сайраш кішкентайынан өзіне сенімді, мейірімді де көпшіл болып бой жетті. Бұған қоса, әжесі ерлік пен өрліктің аражігін ашып берді, ауыз әдебиетінің құнарын сіңіріп, батырлар жыры арқылы ширатты, белін буып, нық қадаммен болашаққа аттандырды. Жасына қарай білуі керектің бәрін, алғашқы әліппені де үйреткен сол кісі – Рахима әже еді. Ақыл-парасаты мен өмір тәжірибесі бір басына жетерлік жанды жұрт ерекше сыйлайтын. Соларға еріп Сайраш та оны «апа» дейтін.

Әкесі Әбіш Сталинград шайқасында жараланып, ұрысқа қайта кіргенмен, Дондағы Ростов майданында шынтақтан ауыр жарақат алып, бірнеше ай емделіп, бірінші топтың мүгедегі болып, 1943 жылдың ақпанында елге оралады. Келесі жылы, 42 жасында сәбилі болған ұлының қуанышы ұзаққа созылса екен, соғыста жүрген екі ағасы аман-есен оралып, сайрандап жүрсін деген ниетпен тұңғыш немересіне апасы Сайрангүл деп ат қойыпты. Кейін еркелетіп Сайраш деп кеткен көрінеді.

1951 жылы мектеп табалдырығын аттаған ол 15 жасқа дейін 1959 жылдың жазында апасы көз жұмғанша бес сыныпты Көкжырада, үш сыныпты Ақсуатта оқыды. Бастауыш сыныпта оқитын кезінде иелігіне ескі іс машинасын беріп қойып, оны қажетіне қолдануды үйреткен де, үсті-басын таза ұстауды, киімдерін шашып тастамауды, ең бастысы, дұрыс пайдалануды үйреткен де сол апасы болатын. «Сәкентай, бос уақыт жоқ. Өзің ойлашы, ұйықтасаң – күш жинап, тынығып, ертеңгі іске дайын боласың. Ойнасаң – достарыңмен тіл табысуды, құрбыларыңмен қарым-қатынас жасауды үйренесің. Ал оқу – атқаратын қызметің. Жақсы оқысаң, есейгенде ел мақтайтын үлкен азамат боласың. Жақсы оқу – міндетің» деп отыратын апасы. Сабаққа дайындығын да қалт жібермей қадағалайтын.

– Мен хат тани бастағаннан-ақ маған «Батырлар жырын» оқытып, өзі рахаттана тыңдайтын. Қатарластарымен дастарханда бола қалса, «менің Сәкентайымдай «Батырлар жырын» ешкім оқи алмайды. Апаларыңа оқып берші» деп мені орталарына алып отыратын. Сөйтіп, мені кітап оқуға, көпшілік алдында жасқанбай сөйлеуге, ойымды еркін жеткізуге үйретті. Апамның «Сәкентай, сен не дейсің? Қалай ойлайсың?» деп мені сөзге тартып, кеңескен сыңай танытатыны да нағыз тәрбие мектебі екен. Төсек тартып, жатып қалған қыста Ақсуатта Нұршағы тәтемнің үйінде едік. Төсектің аяқ жағында тұрған маған қарап қойып, Нұршағы тәтеме «Мына Сайрашқа ұрыспаңдар. Мен олай-бұлай болып кетсем, қайда барарын өзі біледі, өз еркінде» деп айтқан соңғы қоштасу сөзі өмір бойы жадымнан кетпейді. Апамның «өзі біледі» деген сенімі өмір жолымда талай тығырықтан абыроймен алып шығып келеді, – деді Сайраш Әбішқызы.

Аудандағы мектеп-интернатты ойдағыдай тәмамдағаннан кейін Алматыға аттанады. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне оқуға түсіп, үздік студент атанғандықтан, көтеріңкі стипендия алады. Студенттердің ғылыми-практикалық конференцияларының бел ортасынан көрінеді. 1965 жылы мемлекеттік емтиханды да үздік тапсырып, институтты қызыл дипломмен бітіреді.

Алматыдан оқу бітіріп, туған ауылына келгеннен кейін еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған жас маманға үйіп-төгіп берілген жүктеме, қосымша жұмыспен қоса, мектептің комсомол ұйымының хатшылығы да міндеттелді. Ал келесі жылы оған аудандық комсомол комитетінің хатшысы болуды ұсынды. Айналасы бір жылдың ішінде Сайраш Әбішқызы аудан жастарының танымал жетекшісі бола білді. Газет бетіне жастарды жалынды іске шақырған, жағымсыз көріністерді сынаған мақалалары жиі шығып тұрды.

ЖУРНАЛИСТІК ЖОЛЫ – ӨМІРЛІК БАСПАЛДАҒЫ

Бұрынғы Семей облысының Ақсуат аудандық «Еңбек туы» газетінде 1967 жылы 21 қазанда аудан жастарының саяси оқу жылы туралы жазғаны жарық көрді. Бұл журналистікке ұмтылған алғашқы қадамы еді. Кейін «Социалистік Қазақстан» – қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінде 6 жыл еңбек етіп, секретариатта ҚазТаг лентасын оқитын кіші әдеби қызметкерден еңбекшілер хаттары және спорт бөлімінің әдеби қызметкері, ғылым және оқу орындары бөлімінің аға әдеби қызметкері сатысынан өтіп, Алматы қалалық журналистік шеберлік институтын бітіріп шықты.

> Қазақ елінің көркеюі жолында тынбай еңбек етемін деген мақсаты үнемі алға жетелеп, қай жерде жүрсе де көш басында болды. Тұңғыш болу тағдырына жазылғандай. Жан-жағына шуағын шашып, шарапат-шапағатын жаудырып, ағайынға ғана емес, айналасына қамқор болып, адал еңбегімен елінің сүйіктісіне айналған жанның ғұмыры ғибратқа толы, өмірі ұрпаққа өнеге

«Сайраштың есімі аталса, ең әуелі 1970 жылдардағы «Социалистік Қазақстан» газетінің қыз-келіншектер мен аналарға арналған «Қаламқас» айдарымен берілетін арнаулы беттері көз алдыма келеді. Аталған үлкен газеттің айына 2-3 рет жарық көретін беттерінің жүргізушісі Сайраш Әбішқызы еді. Міне, сол жылдары мен Сайраштың журналистік қаламының қарымдылығына, әсіресе, ұйымдастырушылық қабілетіне, үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысып, шүйіркелесе жөнелетін, қағылез, кішіпейіл мінезіне ерекше сүйсінетін едім. Көзі шоқтай жайнап, айналасына шуағын шашып, мейірімін төгіп жүретін. Орынды уәж, орнықты мінезімен көпшілікті баурап, айналасына үйіре білетін. Ара-арасында көпшіліктің көңілін көтеріп, жанын сергітетін әзіл-қалжыңын да аямайтын. Оған іскерлік пен жауапкершілік, табандылық пен қайсарлық қосылғанда, сол кездегі отызға толмаған жап-жас Сайраштың бәріміз айналып-үйіріліп қасынан шықпаушы едік. Айтқанын екі етпеуге тырысатынбыз... Сол жылдардың өзінде-ақ мен Сайраштың белгілі журналист әрі қоғам қайраткері деңгейіне жететініне нық сенімді едім...» деп жазды «Қазақ әдебиеті» газетінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА және РФ Білім академиясының академигі Күләш Құнантаева.

Кейін сол «Қаламқас» беттерін жүргізуде жинақтаған журналистік тәжірибесі «Қазақстан әйелдері» журналында жалғасын тапты. Орталық Комитеттің ауыстыруымен 1983 жылы республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторының орынбасары – «Бастауыш мектеп» қосымшасының редакторы қызметіне кіріседі. Ахмет Байтұрсынұлы мен Смағұл Сәдуақасұлы негізін қалаған журналдың бас редакторы зейнет демалысына шығып, 1987 жылдың шілде айында «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы қызметіне тағайындалады. Ширек ғасырдан астам уақыт осы басылымда қызмет атқарып, сол басылымнан құрметті демалысқа шығады. Журналистік еңбек белестерінде өзінен үлкен-кіші көп адаммен қызметтес болып, адал дос, жанашыр, жақын туған-туыстардың ортасында жүргендей ыстық ықыласқа кенеледі.

ҚОҒАМДЫҚ ЕҢБЕКТЕН ҚОЛ ҮЗБЕДІ

Ел-жұрт оны журналист деп қана емес, қоғам қайраткері ретінде жақсы біледі. Өзінің айтуынша, оны сол дәрежеге жеткізген қазақ тілінің киесі болса керек. Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы; Алматы қалалық кеңесінің депутаты; Қазақстан Республикасы шетелдермен достық және байланыс қоғамы «Ағайын-бауыр» қауымдастығының басқарма мүшесі; «Қазақстан-Қырғызстан» бауырластығының төрайымы; 2005-2011 жылдары Алматы қалалық тіл саясаты жөніндегі қалалық жұмысшы тобының мүшесі; 1974 жылдан КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі бола жүріп, отаршыл жүйенің салып кеткен сансыз кедергісіне қарамастан, қаланың ірі мекемелері мен ұйымдарында, зауыт-фабрикаларда қазақ тілін оқыту курсының ашылуына, өнер мен мәдениет кештерінің ұйымдастырылуына мұрындық болды. Сайраш Әбішқызы сол тұстарда орыс тіліндегі басылымдарға да өткір мақалалар жазып, ұлт мүддесін ашық айтты, батыра жеткізді. Қазақ мектептері мен балабақшаларының санын көбейтіп, оларды қазақ ұлтының шын мәніндегі бесігі, ана тілінің ордасы ету үшін қаншама қажыр-қайрат жұмсады десеңізші?!

«Қазақ тілі үшін күрес – бұл менің өмірлік қызметім. Сол жылдары қол жеткізген бір табысым – «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын ашу болды ғой деймін. 1958-1959 жылдары ашылып, қайтадан жабылған, репрессияға ұшыраған осы басылымды дүниеге қайта әкелу үшін министрліктің алдына қайта-қайта мәселе қойдым. Ақыры 1990 жылы осы журнал қайта ашылды» деді С.Әбішқызы.

Ол – «Нұрлы жол», «Жыр арқауы – бейбітшілік», «Оттай ыстық он жыл», «Шығармашылық шырағым – бақ жұлдызым» кітаптарының авторы. Республикалық әртүрлі мерзімді басылымда 100-ден астам мақала, очерктері жарық көрген. 2004 жылы 60 жылдық мерейтойына орай «Еңбегі мен қайраты екі жақтап» тақырыбымен әріптестерінің, замандастарының жылы лебіздері мен жемісті еңбек жолы белестерінің өмірбаяндық деректі жинағы басылып шықты. 2011 жылдан республикалық ғылыми-педагогикалық 4 журналдың («Тәрбие құралы», «География және табиғат», «Химия мектепте», Биология және салауаттылық негізі») бас редакторлар кеңесінің төрайымы қызметінде еңбек жолын жалғастырып келеді. Бүгінде республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналының бас кеңесшісі.

ТАҒДЫРЫНА ТҰҢҒЫШ БОЛУ ЖАЗЫЛҒАНДАЙ

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін денсаулық жағдайымен Сайраш Әбішқызы Астанаға көшіп келеді. Қаламын бір сәтке қолынан тастаған емес. Қоғамдық ортада да өз орны бар. Сонау 1971 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде штаттан тыс тілші болса, бүгінде сол «Егемен Қазақстан» газетінде штаттан тыс тілші қызметін жалғастырып, Отанына, халқына, туған ұлтының мүддесіне қарым-қабілетін аямай жұмсап, қызмет етуде.

Бір қызығы, Сайраш Әбішқызы қай істе де алдыңғы шептe жүреді. Қарап отырсақ, отбасының тұңғыш перзенті, «Қазақстан мектебі» журналының тұңғыш әйел редакторы, қазақ тіліндегі жеке пәндерге арналған тұңғыш журналдарды дүниеге әкелуші.

1997 жылы шетел сапарларында жазылған жолжазбалары үшін Мұхаметжан Сералин атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері атанды. 2000 жылы алыстағы Ұлыбританияның үздік жетістіктер мәліметтерін тіркейтін Кэмбридж әлемдік ғұмырнамалық орталығының энциклопедиясына білім беру және журналистика ретінде есімі еніп, арнайы дипломмен марапатталған тұңғыш қазақ әйелі.

Үкімет тарапынан педагог-журналист ретінде ЫбырайАлтынсарин атындағы медалімен, білім беру ісінің үздігі атақтарымен де тұңғыш марапатталғандардың қатарында. Сайраш Әбішқызы – «Құрмет» орденін алған тұңғыш ұстаз әрі журналист.

Қысқасы, қазақ елінің көркеюі жолында тынбай еңбек етемін деген мақсаты үнемі алға жетелеп, қай жерде жүрсе де көш басында болды. Тұңғыш болу тағдырына жазылғандай. Жан-жағына шуағын шашып, шарапат-шапағатын жаудырып, ағайынға ғана емес, айналасына қамқор болып, адал еңбегімен елінің сүйіктісіне айналған жанның ғұмыры ғибратқа толы, өмірі ұрпаққа өнеге.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 29 қазанда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. «Кеңсе ғимараты және басқа да үй-жайлар (2 автомобильге арналған жөндеу боксы, ангар, қазандық)» объектісін орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, 101 көшесі, 37/1 уч., тапсырыс берушісі «Төлеби Авто Газ» ЖШС.

2. «Жерасты паркингі, халыққа қызмет көрсету объектілері, білім беру объектісі бар, жеке тұрған және кіріктірілген тұрғын емес үй-жайлары, қонақ үй кешені және абаттандыруы бар көпфункционалды тұрғын үй кешені» объектісін орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж.Тәшенов және Амман көшелерінің қиылысы ауданы, тапсырыс берушісі «ТРАНСАКЦИЯ» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде zh.suyunova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Жезқазған қалалық сотымен Ұлытау облысы Жезқазған қаласы С.Сейфуллин көшесі, 17-үй, 3-пәтер мекенжайында тұратын Маркина Мария Васильевнаның арызы бойынша 23.12.1982 жылы туған Липинская (Коба) Галина Александровна және 6.11.1963 жылы туған Коба Марина Евгеньевна хабарсыз кетті деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалған.

Липинская (Коба) Галина Александровна мен Коба Марина Евгеньевнаның жүрген жері туралы мәліметтері бар барлық адамдарға бұл туралы осы жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Жезқазған қалалық сотына хабарлау ұсынылады.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жолкөлік кешенінің басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы – «Есіл» жалпы білім беретін жекеменшік орта мектебі. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді. Сенім телефоны: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58.

№116 (4704) 28/09/2024 Сенбі

СЫДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ САЛТАНАТЫ

Биыл – ҚСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл. Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі XXVII концерттік маусымын көрнекті композитордың ғасырлық мерейтойына арналған «Шаттық Отаны» концертімен ашты.

Сыдық Мұхамеджанов – қазақ музыкасын байытқан бірегей тұлғаның бірі. Композитор классикалық музыка мен қазақ фольклорын терең байланыстырып, ұлттық өнерді жаңа деңгейге көтерді. Оның әр жанрда жазылған туындылары, атап айтқанда, оркестрге арналған шығармалары, жеке аспаптарға арналған концерттері және ән-романстары, опералары қазақ музыкасының алтын қорына енген.

Домбыра мен қобызға арналған концерттерді жазып, қос ұлттық аспабымыздың өрісін кеңейткен композитор шығармалары атауларының өзі қазақ әлеміне жетелейді. Мәселен, «Қазақ увертюрасы» туындысында, «Дархан дала» симфониялық күйінде, «Қыз қуу» симфониялық суреттемесінде қазақтың рухани болмысы, дархан даладай кеңдігі, ұлттық салт-дәстүрлері музыка тілімен суреттеледі.

Халық композиторларының, сал-серілердің мұрасынан нәр алып, кәсіби біліммен ұштастырған Сыдық Мұхамеджанов олардың мұрасына жаңаша леп бере білді. Соның ішінде Ақан серінің әніне жазылған «Балқадиша» вариациясын, «Айсұлу» операсын ерекше атап өтуге болады.

Композитор камералық-вокалдық шығармашылығында Сәкен Сейфуллин, Иса Байзақов, Мұзафар Әлімбаев, Қуандық Шаңғытбаев, Садықбек Адамбеков, Софы Сматаев, Тұманбай Молдағалиев сынды ақындардың поэзиясына жүгінді. Әсіресе ұлы Абайдың өлеңдері оны қатты толғандырып, толқытты. Соның нәтижесінде Абай өлеңдеріне «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Домбыраға қол соқпа», «Құлақтан кіріп бойды алар» атты әндері мен романстары жазылды. Осы әндер мен романстарды тыңдаған ұстазы Евгений Брусиловский «Бұл әуендерді Абайдың өзі жазған секілді. Айтарға сөз жоқ» деп лайықты бағасын берген Сыдық шығармашылығының салтанатына айналған кеште оның музыкалық мұрасын астаналық филармонияның қазақ оркестрі (көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов, дирижері – Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов), музыкалық аспапта жеке орындаушылар, филармония әншілері жаңғыртты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда, мәдениет саласының үздіктері Секен Сыздық, Ботагөз Тәшімова (сымқобыз), халықаралық байқаулардың лауреаттары Алтынбек Арыстанбек, Талғат Аллабиринов, Фируза Рахметова Сыдықтың әсем әндерін әуелетті.

Кеш осы концертке атау берген «Шаттық Отаны» поэмасымен түйінделді. Композитор шығармашылығындағы шоқтығы биік бұл туынды 1953 жылы Румыния астанасы Бухарестте өткен жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалінде орындалып, Қаз КСР-інің Жамбыл атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болған.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

АҚҰШТАП ӘЛЕМІН ӘСПЕТТЕДІ

Кеше Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №6 көпшілік кітапханасында көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ақұштап Бақтыгереевaның 80 жылдық мерейтойына арналған «Ақ желкен ақ шағала» атты өнер сағаты өтті.

Академик Зейнолла Қабдолов «Мен Оралды үш қызы арқылы таниды екенмін. Біріншісі – аңызға айналған Қыз Жібек, екіншісі – батыр Мәншүк, үшіншісі – өз мінезі, ақындық үні бар Ақұштап арқылы» деген екен. Ал Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлы «Ақұштап Бақтыгереева әйелдерді емес, әйелдікті жырлайды, әйелдерді емес, әйелдікті қорғайды. Сол үшін де әйелді әйел етіп тұрған нәзіктікті дәріптейді» деп баға берді.

Өнер сағатына қатысқан №93 мектеп-лицейдің 3-6-сынып оқушыларына ақынның өмірбаяны, шығармашылығы таныстырылып, сұхбатынан үзінді көрсетілді. Балалар Ақұштап Бақтыгереевaның туған жер, ана, әже туралы өлеңдерін оқыды. Оның өлеңіне жазылған «Мәншүк» әнін Абдурохман Жакудаев деген оқушы шырқады. Бауыржан Ақтаевтың «Алаш аманаты» атты күйін тағы бір оқушы Марал Махмұт күмбірлетті.

№6 көпшілік кітапхананың басшысы Раушан Серікбаева өнер сағатына атсалысып, балаларды дайындаған №93 мектеп-лицей мұғалімі Мөлдір Тоқтарқызына және өнерлі оқушыларға Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаеваның атынан алғыс хаттар тапсырды. Көрермен ретінде қатысқан қала тұрғыны, ақ жаулықты әже Жамбыл Ауғанбайқызы балалардың өнеріне риза болып, батасын берді.

АСТАНАЛЫҚ ТЕАТРЛАР ТАБЫСЫ

Астаналық театрлар Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына арналған «Ертіс-Баян» I республикалық театрлар фестивалінен олжалы оралды. Павлодар қаласында өткен бұл фестивальге бас қаланың үш театры үздік қойылымдарын ұсынған еді. Бәрі де жүлдесіз қайтпады.

Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры жанындағы Qalleki театр лабораториясы «Войцек» драмасымен қатысты. Бұл өнер ұжымы Жүсіпбек Аймауытов атындағы арнайы жүлдеге ие болды. Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының «Ақан сері туралы аңыз» толғамында Бәтима бейнесін сомдаған Ақбота Мәкіжанова «Ең үздік әйел адам бейнесі» аталымында топ жарды. Ал фестивальдің бас жүлдесі мен «Үздік режиссерлік шешім» аталымын Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры иеленді. Бас жүлдені алған жас драматург Жәнібек Әлікеннің «Күйеу бала» қойылымы аралас неке мәселесін көтереді. Қазіргі қоғамда көп талқыланатын қазақ қызының шетелдікке тұрмысқа шығу зардаптарын суреттейтін драманың көрерменді ойлантатын тұсы көп. Қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәурен Серғазин қойылымды әсерлі етіп сахналады. Оның еңбегі еленіп, «Үздік режиссерлік шешім» аталымы қанжығасына байланды.

МӘУЛІТ КЕШІ ӨТТІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Астана қаласы өкілдігінің ұйымдастыруымен елорда төріндегі Бейбітшілік және келісім сарайында «Пайғамбар – ізгі қоғам жаршысы» атты рухани Мәуліт кеші өтті.

Мәуліт кешін бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы салтанатты түрде сөз сөйлеп ашты. ҚМДБ төрағасы Мәуліт айымен елорда жұртшылығын құттықтады.

«Қасиетті Мәуліт баршамызға мүбәрак болғай! Біздің жыл сайын асыға күтетін Мәуліт мерекесінде қауышып, көріскенімізге шын жүректен қуанып тұрмыз. Біз Аллаға мадақ, Пайғамбарымызға салауат айту үшін жиналдық. Алла Тағала Құран Кәрімде «Расында, Алла Тағала Пайғамбарға рақмет етіп, періштелер салауат айтады. Уа, иман келтіргендер, Оған салауат пен иман жолдаңдар» деп бұйырады. Алла Тағала рухани, қайырымдылық кешіне басып келген қадамдарыңызға мол сауаптан жазсын!» деді бас мүфти.

Кеште қасиетті Мәуліт жыры оқылып, әсерлі жыр-термелер орындалды, жиналғандар үшін арнайы көрме ұйымдастырылды. Әнші, композитор Құрмаш Махан ән салса, «Номад» этнофольклорлық ансамблі мен Astana Musical театрының актерлері өз өнерін көрсетті.

Мәуліт кешінің билеттерінен түскен қаражат түгелімен қайырымдылыққа арналады, кеш соңында 10 адамға «Мәуліт сыйлығы» берілді. Сонымен қатар ҚМДБ осы жылды дін саласында «Ислам және дәстүр құндылығы жылы» деп жариялады.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №116

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ASTANA AQSHAMY